

нефтегазовой деятельности. // НефтьГазПраво. - № 1, 2005

2. Львов Д., Белкин В., Стороженко В. Зарубежный опыт формирования и использования рентных платежей в недропользовании. // НефтьГазПраво. - № 3, 2003

3. Налоговый Кодекс Республики Казахстан. – Алматы: Экономика. 2009, 50 с.

Поступила в редакцию 12.03.2010.

С.М. ЕГЕМБЕРДИЕВА, А. ҚАЛАУЛИЕВА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МҰНАЙ КОМПАНИЯЛАРЫ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

The article researches role and importance of national companies on global oil market, reformed detailed analyzes of contemporary situation of development oil companies RK in modern condition and strategic importance of development of oil and gas sector of national economy.

Нарықтық экономикаға көшу жағдайында еліміздегі мұнай саласы экономика дамуында басым бағытты иеленді. Таяу 30 жылда Қазақстанның мұнай секторы еліміздің әлемдік шаруашылықтық жүйеге кіргізетін маңызды сферасы, экономикалық өте перспективті саласы ретінде қарастырылады.

Жер қойнауын қолдану сферасында мұнайгаз секторының экономикалық әлеуетін жетілдіру республика бойынша жалпы мұнай өндіру динамикасын өсірумен, инфрақұрылымды өндірістің торапты желісін құрумен, мамандықтың жаңа салаларын қалыптастырумен байланысты. Сонымен, мұнай, газконденсаты бар жаңа ірі кен орнын жасауда енгізуге ғана емес, сонымен қатар әлемдік нарыққа көмірсутегі ресурстарын жеткізуді қамтамасыз етуді ұсынатын басқа сапалы даму кезеңдеріне жасалынған құрылымға көшуге ерекше көңіл бөлінеді.

Қазақстан Республикасының Президентінің халқына жолдауларының бірінде «мұнай-газ саласындағы басты бағыт – мемлекеттің халықаралық мұнай және энергетика рыноктарына ықпалды және жауапты қатысушы ретіндегі ұстанымын күшейту. Бұл үшін біз энергетика саласының стратегиялық маңызды буындарына мемлекеттің ықпалын дәйектілікпен күшейтеміз. Біз қазірдің өзінде Қашаған, Құмкөл мұнай кен орындарын, Богатырь көмір разрезін, т.б. игеруде қазақстандық үлесті ұлғайттық. Бұл біз үшін және қосымша құн салығы үлесі жоғары дайын өнімді халықаралық рынокқа шығаруды қамтамасыз ету үшін аса маңызды» - деп атап өткен [1].

Соңғы уақыттарда көптеген елдердің экономикасын қалыптастыруда мұнай мен мұнай өнімдері нарығының ролі едәуір өсті. Қазақстанның күші бар кен орындарында көмірсутегі шикізаттарының ірі қорын иелене отырып, республикамыздың құрылым бөлігінде және Каспий теңізінің шельф аймағында перспективті құрылым есебінен мұнай мен газ көлемін біртіндеп өсіруде. Бұл мұнай тасымалында тартымды маршрутқа жан-жақты өлшенген талдауды жүзеге асыру сол немесе басқа экспорттық бағыттың экономикалық тиімділігін анықтау қажеттігін анықтайды.

Қазақстан Республикасының территориясында 202 мұнай және газ кен орындары орналасқан. Болжамды алынатын мұнай ресурстары 7,8 млрд тонна көлемінде бағаланады, ал табиғи газ 7,1 трлн м³. Осы ресурстардың шамамен 70% Қазақстанның батысында орналасқан. Мұнайды өндіру 55 кен орындарында жүргізіледі. Ең ірі кен орындарына Теңіз (мұнай), Өзен (мұнайгаз), Қарашығанақ (мұнайгазконденсаты), Жаңажол (мұнайгаз-конденсаты), Қаламқас (мұнайгаз) жатады. Мұнай саласы еліміздің бюджетті табысы мен валюталық түсімдерінің, ЖҰӨ-нің басым бөлігін қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасы экономикасының негізгі және динамикалық дамушы бөлігі болып отыр. 2003 жылы шетелдіктер өндірген мұнай 40 млн. құраса, 2004 жылы 52 млн. тн. астам сұйық көмірсутегі алынды. 2007 жылы бұл көрсеткіш 60 млн. тн. жетсе, 2008 жылы мұнай конденсатының мәресі 70 млн. тн. жетіп отыр. Ал 2010 жылы 100 млн. тоннаны, 2015 жылы 150 млн. тоннаны өндіру көзделіп отыр. Тәуелсіз Қазақстанның 17 жылдық мұнай өндіру көлемі 693,4 млн. тоннаны құрап отыр.

Елдің саяси және әлеуметтік дамуында мұнай саласының ролін қайта бағалау мүмкін емес. Біріншіден, мұнай кешені ҚР-ның тәуелсіздігін, оның экономикалық қауіпсіздігін және ішкі саяси тұрақтылықты құраушылардың ең негізгісі. Екіншіден, Қазақстан әлден-ақ әлемдік шаруашылықтық байланысқа қосылған және жаһандандудың масштабты процесіне тартылған. Мұнай бұрыннан халықаралық сауда мен ынтымақтастық, одан қалса бақталастық, яғни экономикалық мүддені жүзеге асыру мен саяси мақсатты қанағаттандырумен қатар үстем мәні

бар құрал. Үшіншіден, мұнай мен газ жобаларын жасау, бюджетке салықтық түсімді тікелей жүргізу арқылы, көптеген территорияның экологиялық денсаулығын жақсартуды қоса отырып, әлеуметтік бағдарламаларын жүзеге асыру көлемі мен қарқынын өсіп жетілдіруге мүмкіндік береді. Қазақстан көмірсутегі шикізатының дәлелденген аздаған қорын игергендіктен алғашқы он бес мемлекет қатарына кіреді. Теңіз кен орындарындағы ресурстарды есептегенде, ел территориясындағы мұнай мен газ конденсатының дәлелденген қоры 3,6 млрд. тн., газ – 1,9 трлн. куб. м. құрайды. Қазақстанның жер қойнауында көмірсутегінің дәлелденген әлемдік қорының 2% көлбей жатыр. Қазақстан құрлығы мен шельфында мұнай мен конденсат ресурстарына болжам 12-17 млрд. тн. деңгейінде бағалануда. Шамамен 210 көмірсутегі кен орындары бар (соның ішінде 100 астам мұнай және 70 жуық мұнайгазды) республиканың мұнайлыгазды аудандары 1,7 млн. км² жуық алаңды алып жатыр (шамамен Қазақстан территориясының 62%). Сонымен бірге, еліміздегі көмірсутегі қорынан түскен пайданың 2/3 бөлігі бес кен орнына тиесілі (қордың жартысынан көбі Теңіздікі, қалған көлемі төрт ірі мұнайгаз кен орындарының - Өзен, Қарашығанақ, Жанажол, Құмкөл). Көмірсутегі кен орындары Қазақстанның 13 облысының 6-да орналасқан. Бұл Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау облыстары. Сонымен, шамамен көмірсутегі қорының 70% Қазақстанның батысында шоғырланған [2].

Мұнайдың барланған қорларының басым бөлігі Атырау облысында, яғни Қазақстанның сұйық көмірсутегінің барланған қорының 1/3 бөлігі соның үлесінде. Облыстың ең ірі кен орындары – Теңіз (республика мұнайының барланған қорының 1/3 бөлігі осында). Теңіз кен орнын жасау тек Қазақстан кен орындарының ішіндегі ғана емес, сонымен қатар, әлемдегі ең тамаша кен орындарының бірі. 1998ж. «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі біріккен кәсіпорын кен орнында сейсмикалық зерттеу жүргізілді, сосын мұнайдың барланған қорлары 1,3 млрд.тн. бағаланған болатын. Теңіз кен орнында мұнайдың геологиялық қорының болжанған көлемі 3,133 млрд.т бағаланды, шығарылатын мұнай қоры – 750 млн-нан 1,125 млрд.т дейін. Атырау облысындағы қалған 74 кен орындарының үлесіне 15 млн.т жуығы тиеді немесе Атырау облысында бастапқы шығарылатын мұнай қорының 13% жуығы тиесілі. Осы қорлардың жартысынан көбі Королдық (55,1 млн. т.) және Кембай (30,9 млн.т.) кен орындарына тиесілі.



Маңғыстау территориясында елде шығарылатын мұнай қорының ¼ бөлігі орналасқан. Бұл жерде 70 жуық кен орны ашылған, оның жартысынан кенін пайдалануда. Кен орындарының көбі өңдеудің соңғы стадиясында. Қордың қалған басым бөлігі қиын шығарылатын категорияға жатады. Ірі кен орындары - Өзен, Жетібай, Қаламқай, Қаражамбас. Сонымен, Өзен республикада маңызды кен орындары бойынша екінші орында, ол Қазақстан құрлығындағы шығарылатын қорлардың 10% береді. Он беске жуық көмірсутегі кен орындары Батыс-Қазақстан облысы территориясында орналасқан. Олардың ішіндегі үздігі Қарашығанақ мұнайгазконденсаты кен орны. Ол республикада ірі кен орындарының үшіншісі болып табылады. Келесі мұнайгаз потенциалы бар перспективті аймақ Ақтөбе облысы. Мұнда 25 жуық көмірсутегі кен орны ашылған. Бұл аймақтағы өте маңызды геологиялық ашылым 170 млн.тн. жуық шығарылатын конденсат пен мұнай қоры бар кен орны Жанажол тобы болып табылады. Қызылорда облысының негізгі мұнай өндіру саласы – Құмкөл кен орны. Бұл Қазақстанда маңызды мұнайгаз провинциясының бесіншісі.

Қазақстанда мұнай саласы ресурстық потенциалын келешек кеңейту республика жүргізетін Каспий және Арал теңіздері акваториясында жер қойнауын терең зерттеуге жағдай жасау болмақ. Қазақстанда табылған мұнайлы аймақтардың ішінде ерекше орынды Каспий теңізі шельфы алады. Шығарылатын қоры 1 млрд.т бағаланған сұйық көмірсутегісі бар Каспийдің солтүстігінде орналасқан Қарашығанақ кен орнының ашылуы әлемдік тәжірибеде күтпеген оқиғалардың бірі болды. Негізгі мұнай шығаратын Қазақстандағы аудан – Маңғыстау облысындағы Маңғышлақ – Қазақстанның көнеден келе жатқан мұнай шығаратын аймақ. Республиканың мұнай шығару саласының тарихында шығарылған мұнайдың ¾ осы Маңғыстау облысына тиеді. Мұнайдың басым көлемі Атырау облысында шығарылады. Бұдан басқа, мұнай шығарудың аздаған көлемі Торғай жылғасы (Құмкөл ауданы) мен Қазақстанның орталық бөлігіне (Қызылорда облысы) тиеді [3]. 2003 жылдан бастап ҚР-сы мұнай шығару көлемін біртіндеп өсіруде (сурет 1).

2008ж. сұйық отынды шығару 70,7 млн.т өсті. Жыл сайын өнеркәсіптік өңдеуге жаңа кен орындары енгізілді және мұнайшығаратын компаниялар тізімі кеңейді. Егер 2003ж. мұнайды шығаруды 27 кәсіпорын жүргізсе, 2007ж. олардың саны 34-ке жетті [3].

Мұнайды шығаруда негізгі ролді Қазақстан мұнайын 84% қамтамасыз ететін жетекші «Теңізшевройл» ЖШС БК, ол басқа алты ірі мұнай шығаратын компаниялардан - Karachagnak

Petroleum Operating В. V., «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, PetroKazakhstan Kumkol Resources, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «CNPC – Ақтөбемұнайгаз» АҚ 2,5-3 есе артық көлемде шығарады (сурет 2).



Сурет 2. Мұнай өндірісіндегі негізгі өндіруші кәсіпорындардың үлесі.

2004ж. біріккен кәсіпорындар мұнайды шығаруды 12,5 млн.тн. дейін өсірді. «Теңізшевройл» ЖШС БК стратегиялық дамуын жаңарту 2010ж. дейін Теңіз кен орнында мұнай шығаруды жылына 32 млн.тн. жеткізуді көздеп отыр. Бұрын бұл көрсеткіш 2017ж. жоспарланған болатын.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компания» акционерлік қоғамы – елдегі екінші ірі мұнай өндіруші компания. Оның «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ еншілес кәсіпорындары мұнай шығарумен, «КазТрансОйл» - мұнайды тасымалдаумен, «КазТрансГаз» - газды тасымалдаумен, Атырау НПЗ – мұнайды қайта өңдеумен, «Камортрансфлот» - танкерлік тасымалмен айналысады.


«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Қазақойл» мен «Мұнай мен газ транспорты» ұлттық компанияларының активтерін қосу жолымен 2002 жылдың 20 ақпанындағы «Ел экономикасындағы мұнайгаз секторында мемлекет мүддесін келешек қамтамасыз ету бойынша шаралар туралы»

ҚР-сы Президентінің Жарлығымен құрылған болатын. Сөйтіп, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өзінің іс-шараларының міндеті мен құқыларын құқықты жалғастырушы болды. Қоғамның мақсаты – дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында таза кіріс алу. Қоғам қызметінің нысанасы: мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу, көмірсутегілерді барлау, игеру, өндіру, өңдеу, сату, тасымалдау, ішкі және сыртқы нарықтарда өткізу, жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу, заңнамамен тыйым салынбаған өзге қызмет түрлерін жүзеге асыру. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ активінде «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» (89,32%), Қазақойл-Ақтөбе (67%), Маңғыстаумұнайгаз (52%), «Теңізшевройл» ЖШС БК (20%), ҚазМұнайТеңіз (20%), Қашаған (16,81%) орналасқан. 2008 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Қазақстан мұнай нарығындағы үлесі 32,21% құрады.

Бүгін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ – көмірсутектерді өндіруден, оларды тасымалдаудан және өңдеуден бастап мамандандырылған сервистік қызметтер көрсетуге дейінгі толық өндіріс циклін жүзеге асыратын сатылас интеграцияланған компания. Ұлттық компания түрлі бейіндегі 33 ұйымның акциялары мен үлестерін иеленеді. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Қазақстанда және шетелде жұмыс істейтін 51 еншілес және бағынышты ұйымдардың қатысушысы немесе акционері болып табылады. Мұнай өндірудің жыл сайынғы өсу қарқындары бойынша Қазақстан жаңа мұнай өндірушілер арасындағы айқын көшбасшы. 2010 жылы Қазақстанда тәулігіне 2 млн. баррель өндіру, ал 2015 жылға қарай өндірудің деңгейін тәулігіне 3 млн. баррельге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Осы көлем еліміз үшін оңтайлы болып саналады және Қазақстан өндірудің осы деңгейімен әлемдік мұнай нарығына біршама ұзақ уақыт қатысады. Бұл ретте біз мынаған есеп құрамыз, өндірудің айтарлықтай үлесі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ең белсенді қатысатын жобалардың еншісіне келеді. Ол үшін барлық жағдайлар бар және ең бірінші кезекте «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның жаңа жобаларға міндетті 50 пайыздық қатысуы. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өзінің өндірісіндегі шығару шығынынан өткен кен орындарының әлеуетін барлығын тиімді

пайдалануға
назар аударуға
қалпын сақтау
жылдығын
осы жұмыс
мұнай »

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-ның газконденсаты мен мұнайды өндіру



ерекше
ділігін
2005
жылы
ығында
3).

Сурет 3. 2002-2007 жылдар аралығындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның газконденсаты мен мұнайды өндіру (мың тонна).

2006 жылдың шілдесінен бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның 100% акциялары Қазақстан Республикасының Үкіметіне жататын «Самұрқ» мемлекеттік холдингтік компаниясының жекеменшігінде. Компания 41 мұнай және газ кен орындарын дайындайды. 2008 жылдың 1 жартыжылдығындағы Brent мұнай сортының бағасы орташа шамамен 1 баррельге 109,05 АҚШ долларын құрады, ол 2007 жылмен салыстырғанда 1 баррельге 45,83 АҚШ долларына артты.

“ҚазТрансОйл” мұнай тасымалдау, экспорты мен импорты мәселелерінде Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін сақтау, кәсіпорындарды басқару құрылымын оңтайландыру, инвестициялар тарту, барлық магистралды мұнай құбыры үшін бірыңғай тариф саясатын жүргізу жолында мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы болып отыр.

“ҚазТрансОйл” АҚ-ның табысты қызметінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – мұнай тасымалдау мен жүк айналымы көлемі. Бұл көрсеткіштердің өсуі тұтас алғанда, бір жағынан, Қазақстанда мұнай өндіру көлемінің артуымен, екінші жағынан, Қоғам тарапынан “ҚазТрансОйл” АҚ-тың қолданыстағы магистралды мұнай құбырлары жүйесін кеңейту мен жаңғырту, тасымалдаудың жаңа бағыттарын ұйымдастыру, Батыс және Шығыс филиалдар жүйелерін кіріктіру стратегиялық саясатын жүргізу жөніндегі іс-шараларды қамтитын жұмыстардың атқарылуымен, сондай-ақ ТМД және Еуропа елдері аумақтарымен мұнай тасымалдау және өткізу бойынша оператор ретіндегі қызметпен байланысты. Сөйтіп, он жылда мұнай тасымалдау көлемі 1997 жылғы 22,9 млн. тоннадан 2006 жылы 43,3 млн. тоннаға дейін өсті. Жүк айналымы да тиісінше 1997 жылғы 17,2 млн. т км-дан 2006 жылы 28,8 млн. т км-ға дейін өсті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2008 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». – Алматы: Экономика.- 25 б.
2. Нефть и газ Казахстана -2005 //Нефтегазовая вертикаль. – Алматы, 2006.-№6. –С. 48-51.
3. Басшиева Ж.К. Мұнай өндіретін компаниялардың өткізу іс-әрекетін басқару // Нефть и газ Казахстана», Алматы. - 2008 г. №4. – с.36-39.

Редакцияға 26.02.2010 қабылданды.

Ж.Т.ЕГИЗБАЕВА

РАЗРАБОТКА ЭКОНОМИЧЕСКОЙ МОДЕЛИ ЭФФЕКТИВНОГО ВЛИЯНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АО «ПЕТРОКАЗАХСТАН КУМКОЛЬ РЕСОРСИЗ» НА БЕЗОПАСНОСТЬ, РАЗВИТИЕ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ И В ЦЕЛОМ РК

The article «Formulating Economic effecting models of Joint Co.ltd “PetroKazakhstan Kumkol Reserves” on development and security of Kyzylorda region and whole Kazakhstan regions» researches actual efficiency problems of foreign companies in Kazakhstan and their role on regional and country’s economic security.

В Казахстане одной из наиболее приоритетных отраслей выступает нефтяная промышленность. «К числу актуальных задач относится получение добавленной стоимости из отечественного углеводородного сырья» подчеркнул в Послании народу Казахстана Глава государства. Максимальное использование возможностей энергетических ресурсов и создание взаимосвязанных производств, обеспечивающих выпуск нефтехимической продукции с высокой добавленной стоимостью, предусмотрено в разработанных прорывных инвестиционных проектах, реализация которых обеспечит развитие конкурентоспособной экономики Казахстана и повысит ее экономическую безопасность.

В стране предполагается увеличить выпуск нефтепродуктов с высокой добавочной стоимостью, улучшить качество производимой продукции, соответствующей мировым требованиям, расширить ассортимент выпускаемых нефтепродуктов, развивать выпуск продукции нефтехимии (полипропилен и метилтритбутиловый эфир), добиться оптимизации затрат. С одной стороны, это создает стабильные и достаточно благоприятные предпосылки для развития экономики, для обеспечения макроэкономической стабильности, а также накопления средств для поддержания финансовых обязательств государства в периоды неблагоприятной конъюнктуры цен и обеспечения будущих поколений, посредством аккумуляции части доходов в Национальном фонде. Министерством энергетики и минеральных ресурсов РК совместно с АО «НК «КазМунайГаз», АО «Kazakhstan Petrochemical Industries» и другими нефтехимическими предприятиями разработаны и подготовлены к реализации несколько взаимосвязанных инвестиционных проектов создания нефтехимических производств мирового уровня. Государство в лице ФНБ «Самрук-Казына» и национальной нефтегазовой компании «КазМунайГаз» установили контроль над тремя нефтеперерабатывающими заводами в стране,